

# «ХУЛИГАНКА» ҚЫСҚАМЕТРАЖДЫ ФИЛЬМІН ТАЛҚЫЛАУ

## Талқылау сценарийі

**Кімдерге арналған:** 9–11-сынып оқушылары.

**Формасы:** тренинг элементтері бар киноталдау.

**Техника:** «Көремін – Ойланамын – Әрекет етемін».

**Қолданылатын әдіс-тәсілдер:** қысқаметражды фильмнен фрагменттер көрсету, талқылау сұрақтарын беру, миға шабуыл «Мозаика» әдісі арқылы топтық жұмыс ұйымдастыру, рефлексия.

**Ұзақтығы:** 45 минут.

### Сабақтың мақсаты:

Қауіпсіз кеңістікте қысқаметражды фильмді талдау негізінде жасөспірімдердің сыни ойлауын және эмоционалдық рефлексиясын қалыптастыруға ықпал ету.

### Міндеттері:

Агрессия, буллинг және психологиялық қысым көріністерін саналы түрде карауға ынталандыру;

Зорлық-зомбылыққа бейім мінез-құлықтың психологиялық және әлеуметтік салдары туралы түсініктерін тереңдету;

Жәбірлеуге (буллингке) төзбеу мәдениетін дамыту.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** проектор, экран, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген «Хулиганка» қысқаметражды фильмі, А3 форматтағы қағаздар (топ санына қарай), түрлі түсті маркерлер, таймер, флипчарт тақтасы.

### Талқылау жоспары

#### I. Көремін.

1. Бірінші бейнефрагментті көру.
2. Сұрақтар бойынша талқылау.
3. Миға шабуыл.

#### II. Ойланамын.

1. Екінші бейнефрагментті көру.
2. «Мозаика» әдісі бойынша топтық жұмыс.
3. Топтардың жұмысын таныстыру.

#### III. Әрекет етемін.

1. Үшінші бейнефрагментті көру.
2. «Аяқталмаған сөйлемдер» жаттығуы.
3. Рефлексияшеңбері «Менін жауапты қадамым».

## КИНОТАЛДАУДЫҢ БАРЫСЫ

### I. КӨРЕМІН

1. «Хулиганка» қыскаметражды фильмінің фрагментін көру – уақыты 0.00–2.43. (Бұл фрагментте фильм кейіпкері Даринаның Салтанатқа тәуелді болуының тарихы баяндалады.)
2. Сұрақтар бойынша талқылау:
  - 1) Даринаның сыныптастарына қатысты әрекеттерін қалай атауға болады?
  - 2) Қыздың мұндай мінез-құлқына не себеп болды?
  - 3) Буллингтің адам үшін қандай қауіпті тұстары бар?
3. Миға шабуыл. Оқушылар «буллинг» ұғымымен байланысты сөздерді атайды. Жүргізуші аталған сөздерді флипчарт тақтасына жазады.

Сұрақ бойынша талқылау:

1. Осы сөздердің барлығын не біріктіреді? (Оқушылар өз қалауы бойынша жауап береді.)

Талқылау соңында жүргізушінің қорытындысы:

- Аталған сөздердің барлығы адамға тек физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да күйретуші әсер ететінін көрсетеді.

### II. ОЙЛАНАМЫН

1. Фильмнің екінші фрагментін көрсету – уақыты 4.07–5.34. (Бұл фрагмент шиеленістің әршүін, Салтанаттың Даринаға жасаған қысымын, қорқынышын, бақылауды жоғалтуын және фильм кейіпкері Даринаға қандай зардап әкелетінін көрсетеді.)
2. «Мозаика» әдісі бойынша топтық жұмыс. Аудитория 4–5 топқа бөлінеді. Әр топқа А3 форматындағы қағаз, белгілі бір түстегі маркерлер және сұрақ беріледі. 2 минут ішінде топ берілген сұраққа жауап жазады. Психологтың белгісі бойынша парақтар шеңбер бойымен келесі топқа беріледі, ал жаңа топ парақта көрсетілген сұраққа жауап береді.

Парақтардағы сұрақтар:

- 1-парақ. Даринаны агрессивті мінез-құлққа не итермеледі? (билік, бақылау, өзін мойындату, өзге де себептер)
- 2-парақ. Қысым қалай көрінеді, оған қарсы тұру нәліктен қиын?
- 3-парақ. Дарина үшін қандай психологиялық және әлеуметтік салдары болды?
- 4-парақ. Қандай сәтте сіз басқа жолды тандай аласыз және оған не кедергі болды?
- 5-парақ. Қандай қолдау көздері оқиғаның барысын өзгертуі мүмкін еді?

3. Топтардың жұмысын таныстыру. Әр топ соңғы парақтағы барлық топтың жауабын талдай отырып, нәтижені таныстырады.

Таныстыру аяқталғаннан кейін жүргізушінің қорытындысы:

– Біз қысым, қорқыныш және беделді болуға деген ұмтылыстың адамның таңдау мүмкіндігін біртіндеп қалай шектейтінін көрдік. Алайда таңдау құқығы әрдайым бар екенін түсіну маңызды. Таңдау адамның адамгершілік бағдарымен және өз әрекеттері үшін жауапкершілікті нақты түсінуімен байланысты.

### III. ӘРЕКЕТ ЕТЕМІН

1. Фильмнің үшінші фрагментін көру – уақыты 6.00–6.45. (Фрагментте Даринаға қатысты заң аясында қолданылған шаралар көрсетіледі: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабы бойынша кінәлі деп танылуы және ювеналдық полиция бөлімшесінің учаскелік инспекторының қорытындысы.)

2. «Аяқталмаған сөйлемдер» жаттығуы. Әр білім алушыға келесі сөйлемдерді аяқтау ұсынылады:

1) Енді мен ..... түсіндім.

2) Бұл жағдайда ең қауіптісі ..... болды.

3) Фильмді көргеннен кейінгі менің басты қорытыным ... (Жұмыс аяқталған соң білім алушылар өз қалауы бойынша жауаптарын дауыстап оқиды.)

3. «Менің жауапты қадамым» рефлексиялық шеңбері.

Әр оқушы кезекпен өзіне немесе сыныптастарына дұрыс таңдау жасауға көмектесу үшін қандай жауапты әрекет жасайтынын атайды.

Мысалы: көргенімді үйдегі үлкендерге айтамын;  
киноталдауды досыммен талқылаймын;

осындай жағдайға тап болған сыныптасыма кеңес беремін;

өз мінез-құлқыма жауапкершілікпен қараймын;

Қазақстан Республикасының заңдарын оқып-үйренемін және т.б.

Киноталдау соңында жүргізушінің қорытындысы:

– Бүгін біз буллинг пен агрессияның ешқашан «жайдан-жай» пайда болмайтынын көрдік. Олардың артында көбіне қорқыныш, өзгелердің қысымы, беделді немесе мықты болып көрінуге деген ұмтылыс жатады. Осындай жағдайда адам қылмысқа баруы мүмкін. Адам денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіргені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабында жауапкершілік көзделген.

Алайда ең бастысы - қандай қиын жағдай болса да адамның таңдауы бар екенін ұмытпау. Әрқайсымыз: зорлық-зомбылықты қолдамауға, дер кезінде «тоқта» деп айтуға, көмекке жүгіну және қиналып жүрген адамға қолдау көрсетуге шешім қабылдай аламыз.

Есіңізде болсын: қауіпсіз әрі құрметке лайық орта әр адамның жеке таңдауынан басталады!